

IV-апта (21-25 ақпан, 2022 жыл)  
№9 «Балдырған» кіші топ

Өтпелі тақырып: "Бізді қоршаған әлем"

Аптадық тақырып: "Ойнаймыз, танимыз, зерттейміз"

Мақсаты: Балаларға көліктер туралы түсініктер айту, олардың түрлерімен таныстыру арқылы өздерін қоршаған орталары туралы ұғымдар беру, танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері:

- қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына не бала тұлғасын дамыту;
- адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет таныту сезімдерін жетілдіру;
- қызықты қимылды жаттығулар, сенсорлық ойындар ұйымдастыру арқылы түсініктерін кеңейту.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 21.02.2022	Сейсенбі 22.02.2022	Сәрсенбі 23.02.2022	Бейсенбі 24.02.2022	Жұма 25.02.2022
Балаларды қабылдау	Балалармен амандасу, тазалықтары мен дене қызуы мен жақақаттары жоқ па тексеріп, қабылдау демалыс күндері қалай өткізгендерін сұрау, әңгімелесу.				
Ата – аналармен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен амандасу. Кеңес беру.				
Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)	<p><b>Дидактикалық ойын:</b> "Ғажайып сағат".</p> <p><b>Мақсаты:</b> жақсы мен жаманды ажыратуға, жақсы іс-әрекеттер жасауға үйрету.</p>	<p><b>Саусақ жаттығуы.</b> "Күн" жаттығуы.</p> <p>Қолдарын бір-біріне айқастырып, саусақтарының арасын ашып, күн сәулесі сынды қимыл жасайды.</p> <p>Жарқырайды күннің көзі, Нұрын шашып далаға. Күн сәулесін төгеді, Бақыт сыйлап балаға.</p>	<p><b>Қимылдық ойын:</b> "Автобус".</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалар қатарға бір-бірден тұрады. Тәрбиеші автобус жүргізушісі. Қалғандары жолаушылар. Тәрбиеші дыбыс берген кезде автобус жылжи бастайды. Ең әуелі баяу кейін жылдам, жылдамырақ жүреді. Балалар жүрісті баяулатады. Жүргізуші автобусты тоқтатады. Ойын тағы жалғасады.</p>	<p><b>Қимылдық ойын:</b> "Ұшақтар".</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі ұшақ болып көрсетеді. Тәрбиеші «Ұшақтар ұшады!» деген кезде барлық бала ұшақ болып ұшады. «Ұшақтар қона бастады!» дегенде барлық бала өз орындарына келіп қона бастайды. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.</p>	<p><b>Қимылдық ойын:</b> «Торғайлар мен автомобиль».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету. Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Тәрбиеші торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден</p>

					орындықтарына отыра қалады.
<b>Тапертеңгі жаттығу</b>	<b>Тапертеңгілік жаттығу кешені "Доппен"</b>				
<b>Таңғы ас</b>	Тамақты шашпай, ұқыпты ішуге үйрету. Бір-біріне кедергі жасамай орындарына дұрыс, ыңғайлы отыруды үйрету. Тамақ ішу кезінде артық әңіме айтпауға, артық қимыл жасамауға дағдыландыру. Майлықты дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақтанып болған соң "алғыс" айтуға үйрету.				
<b>Ұйымдастырыған оқу – қызметіне дайындық</b>	<p><b>Дидактикалық ойын: "Шамдар".</b>  <b>Мақсаты:</b> Қасиеттері бойынша заттарды топтастыруға, түстерді, өлшемдерді ажыратуға жаттықтыру, зейіндерін дамыту.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын: "Тапсырманы орында".</b>  <b>Мақсаты:</b> үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру.</p>	<p><b>Қимылдық ойын: «Паравоз» .</b>  <b>Мақсаты:</b> Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүруге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету.  <b>Мазмұны:</b>  Қатар-қатар тұрайық,  Кәне, кәне, сұрайық.  Кімнің болса бойы ұзын  Паравозы пойыздың  Кімнің, апай, бойы ұзын  Паравозы ол пойыздың?!  (Тәрбиеші бойы ұзын баланы көрсетеді. Сол бала паравоз болып алда тұрады. Ал қалғандары соның артынан ұстап тұра бастайды).  Ал, паравоз баста алға,  Бәрімізді басқар да!  Пш-пш, пш-пш!-біз кеттік  Жүрісті біз гүлетіп  Жүрісті біз гүлетіп</p>	<p><b>Дидактикалық ойын: «Бұл қай көлік?».</b>  (балалардың жеке жұмысы)  Алдарындағы көлік түрлері бейнеленген суретті аламыз. Мен сендерге суда жүзетін көлік дегенде сендер сол көлікті тауып көрсетесіңдер. Егерде дұрыс жауап берген жағдайда, сол көліктің дауысы шығады.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын: «Макарон моншақтар».</b>  <b>Мазмұны:</b> әр балаға макарон өнімдерінен тізбектелген моншақтар суреттері беріледі. Суреттегідей етіп, әртүрлі түсте боялған үш түрлі көлемдегі макарон өнімдерінен жасалған моншақтарды жіпке тізбектейді. <b>Саусақ жаттығуы: «Түтікше»</b>  Қолдарын жұдырықтайды, жұдырық арасымен моншақтарды өткізеді, саусақтарының икемділіктерін арттырады.</p>

			<p>Гу-гу, гу-гу, гүлдеп Қалып қойма бірінде Пш-пш, пш-пш!-біз кеттік жүрісті біз үдеттік.</p>		
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ</p>	<p>"Таным" Жаратылыстану Тақырыбы: «Қар» (зерттеу) Мақсаты: Балаларға табиғат құбылыстары туралы түсіндіру. Қарды сипаттау арқылы тәжірибе жасау, зерттеу жүргізу. Жұмбақтар шешу арқылы ой - өрістерін дамыту, табиғатты қорғап, аялай білуге тәрбиелеу. Әдіс-тәсілі: көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, дидактикалық ойын, сергіту сәті, қорытындылау, мадақтау. Қажетті құрал- жабдықтар: тақырыпқа байланысты суреттер</p>	<p>"Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аяқпен топ-топ» Мақсаты: Шеңбер бойымен жүру. Гимнастикалық орындық үстімен төрттағандап еңбектеу. Биіктігі 15 см болатын кедергілерден аттап өту «бағбақтағы көк» "Шығармашылық" Музыка Тақырыбы: «Біз ойнаймыз, ойнаймыз» Әні мен сөзі: М.Дауылбаев. Мақсаты: Көпке ілесе қимылдауға, екеуден айналуға дағдылану, көтеріңкі көңіл – күй сыйлау Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жүгіреміз, жүреміз»</p>	<p>"Қатынас" Көркем әдебиет Тақырыбы: «Телефон» (өлең) Корней Чуковский Мақсаты: Балаларға байланыс құралы туралы түсінік беру, көркем сөзге деген көңіл – күй деңгейлерін дамыту, кейіпкер бейнесін сомдауда, түсінікті сөйлеуде мәнерлі дауыс ырғағы арқылы сөйлеу көркемдігі мен рөлді орындау кабілеттерін қалыптастыру, ідептілікке тәрбиелеу. "Шығармашылық" Сурет салу Тақырыбы: «Сикырлы бояулар» Мақсаты: Түрлі – түстерді қолдана отырып, сурет салуға үйрету, бояуларды араластыру арқылы алақанмен қанық түстерді шығаруды үйрену. Әдіс-тәсілі: көрсету, түсіндіру, жұмбақтар шешу, дидактикалық ойын, сергіту сәті,</p>	<p>"Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біздің қолымыздан келеді» Мақсаты: Жүруден жүгіруге алмасу. Алға жылжи отырып секіру . Биіктігі 15 см текшеден аттап өту кедергілерге өтуге көрсетуге сәйкес жаттығуларды орындауға үйрету. "Шығармашылық" Музыка Тақырыбы: : «Біз ойнаймыз, ойнаймыз» Әні мен сөзі: М.Дауылбаев. Мақсаты: Музыка мен қимылдарды үйрету. Әнді қайталату. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жүгіреміз, жүреміз»</p>	<p>"Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біздің қолымыздан келеді» Мақсаты: Жүруден жүгіруге алмасу. Алға жылжи отырып секіру . Биіктігі 15 см текшеден аттап өту кедергілерге өтуге көрсетуге сәйкес жаттығуларды орындауға үйрету. "Таным" Құрастыру Тақырыбы: «Қар кесегі» Мақсаты: Балаларды қағаз түрімен, қасиетімен таныстыру, майлықты умаждау арқылы қар кесегін жасауға дағдыландыру. Әдіс-тәсілі: көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, дидактикалық ойын, сергіту сәті, қорытындылау, мадақтау. Қажетті құрал- жабдықтар: тақырыпқа байланысты суреттер</p>

			<p>қорытындылау, сұрақ-жауап, мадақтау.</p> <p><b>Қажетті құрал-жабдықтар:</b> тақырыпқа байланысты суреттер</p>		
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды өз беттерімен реттілікпен киіне білулеріне үйрету.				
<b>Серуен</b>	<p><b>1. Бақылау:</b> Терезедегі өрнектер бақылау.</p> <p><b>2. Еңбек:</b> Қардан бекініс жасауды үйрету.</p> <p><b>3. Қимылдық ойын:</b> «Айлакер түлкі».</p> <p>Мақсаты: оңды-солды жалтарып жүгіруге жаттықтыру.</p> <p><b>4. Жеке жұмыс:</b> Инжуден өткен өленді сұрау.</p> <p><b>5. Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>1. Бақылау:</b> Желді бақылау.</p> <p><b>2. Еңбек:</b> Сырғанаққа су себу.</p> <p><b>3. Қимылдық ойын:</b> «Автомобильдер мен торғайлар».</p> <p>Мақсаты: балаларды ептілікке баулу.</p> <p><b>4. Жеке жұмыс:</b> Ернұрдан түстерді үш тілде сұрау.</p> <p><b>5. Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>1. Бақылау:</b> Ауа-райын бақылау.</p> <p><b>2. Еңбек:</b> Балалардың ынтасын еңбекке аудару.</p> <p><b>3. Қимылдық ойын:</b> «Көпір жасау».</p> <p>Мазмұны: Қар кесінділерін 2 қатар етіп жерге (2метр ұзындықта) төсеу. Бір бала қарды жерге қойып тұрады, басқалары қарды жалғап, жеткізіп тұрады. Қай топ бұрын болса, сол топ жеңеді. Ойын соңында балалар шамамен биік қардан төмен қарай сырғанап ойнайды.</p> <p><b>4. Жеке жұмыс:</b> Сезімнен үлкен және кіші ұғымдарын ажыратуды үйрету.</p> <p><b>5. Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>1. Бақылау:</b> Қысқы ағашты бақылау.</p> <p><b>2. Еңбек:</b> Ауланы біріге отырып тазалау.</p> <p><b>3. Қимылдық ойын:</b> «Қар лақтыру».</p> <p>Мақсаты: балалардың денесін шынықтыру, тез қимылға үйрету. Ептілікке, шапшаңдыққа, татулыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>4. Жеке жұмыс:</b> Мағжаннан өзі білетін тақпағын сұрап, айтқызу.</p> <p><b>5. Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>1. Бақылау:</b> Ауаны бақылау.</p> <p><b>2. Еңбек:</b> Алаңқайды жинастыру.</p> <p><b>3. Қимылдық ойын:</b> "Қар үю".</p> <p>Мақсаты: Баланың ойынға қызығушылық қабілетін арттыру. Достыққа, адамгершілікке баулу.</p> <p><b>4. Жеке жұмыс:</b> Адиямен "көлік" туралы әңгімелесу.</p> <p><b>5. Еркін ойындар.</b></p>
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз беттерімен шешінулерін, киімдерін рет-ретімен жинауын қадағалау, үйрету. Беті-қолдарын жуу, сабындау.				
<b>Түскі ас</b>	Үстел басына қол жуғаннан кейін отыру. Орындыққа өзі дұрыс отырып, тұру. Тамақты ұқыпты ішу, болған соң майлықты дұрыс қолдана білуге үйрету.				





сауықтыру шаралары					
Бесін ас	Тамақ ішу кезінде сөйлемей, тыныштық сақтап тамақтану дағдыларына үйрету.				
Ойындар, дербес әрекет.	<p><b>Сюжеттік ойын: "Дәрігер".</b>  <b>Мақсаты:</b> балаларды тазалыққа, еңбек сүйгіштікке үйрету.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын: "Ұқсас затты тап"</b>  <b>Мақсаты:</b>  Үшбұрышты, төртбұрыш, дөңгелекке ұқсас заттарды тауып, атын атай білуге үйрету.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын: "Дауысын сал".</b>  <b>Мақсаты:</b> жануарлардың дауыстарын салуды үйрету.</p>	<p><b>Сюжеттік ойын: "Шаштараз".</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шаш өрудің әр түрлі үлгісін көрсету.</p>	Топты жинау жұмыстарын ересектер көмегімен жүргізіп, кейбір еңбек әрекетіне ынталандыру.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Адиямен кимыл-қозғалысты дамыту мақсатында ойын ойнау.	Ернұрдан түстерді 3 тілде айтуға үйрену.	Сезімнен сөздерді анық айтуға, түстерді ажыратуды үйрету.	Інжуден анық сөйлеуге арналған жаттығулар жасау.	Мағжаннан кимыл-қозғалысты дамыту мақсатында ойын ойнау.
Серуенге дайындық	Аяқ киімдері мен киімдерін оң киюге үйрету.				
Серуен	<p><b>1.Бақылау:</b> Қарды бақылау.  <b>2.Қимылдық ойын:</b> «Күн мен жаңбыр».  Мақсаты: балаларды жылдамдыққа үйрету.  <b>3.Еркін ойындар</b></p>	<p><b>1.Бақылау:</b> Ағаштарды бақылау.  <b>2.Қимылдық ойын:</b> «Ұшақтар».  Мақсаты: балаларды қолдарын тіке ұстауға, жылдамдыққа тәрбиелеу.  <b>3.Еркін ойындар</b></p>	<p><b>1.Бақылау:</b> Кешкі ауа райын бақылау.  <b>2.Қимылдық ойын:</b> «Торғайлар мен мысық».  Мақсаты: балаларды аңғарымпаздыққа үйрету.  <b>3.Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>1.Бақылау:</b> Көліктерді бақылау.  <b>2.Қимылдық ойын:</b> «Пойыз».  Мақсаты: балаларды бір-бірінің соңынан тіке жүре білуге үйрету.  <b>3.Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>1.Бақылау:</b> Қысқы өзгерістерді бақылау.  <b>2.Қимылдық ойын:</b> «Күн мен түн».  Мақсаты: балаларды жылдамдыққа баулу.  <b>3.Еркін ойындар.</b></p>
Балалардың үйіне қайтуы.	Ата-аналарға үйде ойын бұрышын ұйымдастыру туралы кеңес беру.	Ата-аналарға балалардың дене формаларын сақтауларын айту.	Қыс мезгілі байланысты балаларды қалың киіндірулерін сұрау.	Ата-аналарға балаларды балабақшаға уақытылы әкелулері мен алуларын ескерту.	Балалардың мінез-құлқы туралы ата-аналарға ескерту.



